У 2006
693 к

Кенжебай Бекпаев

# Эндер

Кенжебай БЕКПАЕВ



# Әндер

Астана - 2003

**К. Бекпаев. Әндер**
Астана 2003: 24 стр.

Қазақстан
композиторлар Одағының
Астана қаласы
бөлімшісі

Филиал Союза
композиторов Казахстана
г. Астаны

Астана қаласы, 9 мкрн. 81/1 тел.:23 24 82

№ 22

3 маусым 2003 г

Сазгер Кенжебай Бекпаев ән сүйер қауымға кең танымал. Автордың бұл жинағына табиғат туралы, туған жер суреттері арқау болған әндері кірген. Арқа өңірінің дәстүрінде жазылған кең тынысты, айшықты да нәзік иірімді әндері қалың көпшілік көңілінен шығады деп сенеміз.

Төраға      Ж. Тезекбаев

"Союз композиторов Казахстана"

© К. Бекпаев, 2003

# Ақ қайың

Орташа екпінмен

Сөзі Р. Қунақованікі




сін, Ақ са- ғым- дай қол жет- пей- тін ар- ман
бұл. А- у- а- һа, а- у- а- һа Ақ са- ғым-
дай қол жет- пей- тін ар- ман бұл.
Қайталау үшін
sf
Соңы
Ти- мең- дер- на.

## АҚ ҚАЙЫҢ

Ағайын, ақ қайыңға тимеші,
Жаралама жанын жасыл орманның.
Ақ қайыңдар ару қыздай билесін,
Ақ сағымдай қол жетпейтін арман бұл.

А-у-аһа, а-у-аһа
Ақ сағымдай қол жетпейтін арман бұл.

Тимеңдерші қайыңдарға көктемде,
Сылаңдасын қалыңдықтай жасанып –
Гүлдермен әсем болса көк белдер,
Қайыңымен орман тұрар жасарып.

А-у-аһа, а-у-аһа
Қайыңымен орман тұрар жасарып.

Ақ қайыңдар аққудайын орманда,
Сұлулықты жинаған бір бойына.
Бой жеткендей ұзатылар сол маңға,
Ақ киіп тұр шақырғандай тойына.

А-у-аһа, а-у-аһа
Ақ киіп тұр шақырғандай тойына.

# О жастық-ай!

Сөзі Қ. Мырзалиевтікі

Терең сезіммен




тай- ға- нап қо- на ал- май- тын
Қи- я шың-
ның- сақ- тай гөр-
ұ- шын-
да- сың.
1. 2. 3.
4.
О, О, О жас- тық-




**О ЖАСТЫҚ-АЙ!**

О жастық-ай!
Қашанда күшің басым.
Бірақ, бірақ бұла күш ұшынбасын!
Қыран өзі тайғанап қона алмайтын
Қия шыңның – сақтай гөр – ұшындасың.

О жастық-ай!
Сен гүлдің жасындасың
Не бір арман жатыр-ау басыңда асыл.
Қазір-қазір жарқ етіп жай түсетін
Қарағайдың – сақтай гөр – қасындасың.

О жастық-ай!
Сен қыздың назындасың,
"Сылқылдақ" пен "Былқылдақ" сазындасың.
Міне, міне,
Шақ тұрған жарылғалы
Жанартаудың – сақтай гөр – аузындасың.

Көз ұшында күздер мен қыстар әлі,
Өтеді айтып төбеңнен құстар әнін.
Қайда қоям мен сені,
О жастық-ай,
Лыпылдаған жүзіндей ұстараның!
О, о, о жастық-ай!

# Жел болып...

Сөзі Қ. Бұғыбаеванікі

Асықпай




лып, Ұз- ақ түн ұй- қым ке- лер
ем- ес ме- нің, ем- ес ме- нің.
А... а...
Ұз- ақ түн ұй- қым ке- лер


е- мес ме- нің.
Қайталау үшін
Соңы
Бұл кө-

## ЖЕЛ БОЛЫП...

Жел болып маңдайымнан неге еспедің,
Неге еспедің, айналды елеске мұң.
2 рет

Көздерім суретіңе жиек болып,
Ұзақ түн ұйқым келер емес менің.
2 рет

А... аһа... аһа... һа...
Аһа... аһа... аһа... аһа... һа...
Ұзақ түн ұйқым келер емес менің.

Бұл көңіл тағы нені, нені іздеді?
Нені іздеді, еш сыбыс сезілмеді.
2 рет

Таң еніп келе жатыр тереземнен,
Көруге суретіңді көзімдегі.
2 рет

А... аһа... аһа... һа...
Аһа... аһа... аһа... аһа... һа...
Көруге суретіңді көзімдегі.

Көруге суретіңді қарашықтан,
Терезимнен енеді таласып таң,
2 рет

Өтеді сенің бейнең елес беріп,
Үзілген кірпігімнен дара шықтан.
2 рет

А... аһа... аһа... һа...
Аһа... аһа... аһа... һа...
Үзілген кірпігімнен дара шықтан.

Күн шықты қағып күміс қанатын жай,
Бір нәрседен кешігіп қалатындай,
2 рет

Сезінем - көзімді ілсем, ішіндегі
Жоғалтып өз бейнемді алатындай!.
2 рет

А... аһа... аһа... һа...
Аһа... аһа... аһа... аһа... һа...
Жоғалтып өз бейнемді алатындай!..

# Сарыарқаның белінде

Сөзі Д. Әбілевтікі




ген, қа-ра-шы сен, қа- ра-шы сен,көлі-
не! Ки-ік зу-лап боз-ғылт жі-бек са-ғым-да,
Ақ бал-ты-рын қыз ба-ты-рып а-ғын-ға; Ой-ма-ғы-на
тол- қын құй-ып ой-най-ды, Сыңқ ет-іп


Қайталау үшін
бір күліп қойып тағыда.
бір кү- ліп қой- ып та- ғы- да.
Соңы

## САРЫАРҚАНЫҢ БЕЛІНДЕ

Келем жортып Сарыарқаның белінде,
Кеудемді ашып самалына, желіне
Кең даланың кербез төсін қытықтап,
Күлімдеген, қарашы сен, көліне!
2 рет

*Қайырмасы:*
Киік зулап бозғылт жібек сағымда,
Ақ балтырын қыз батырып ағынға;
Оймағына толқын құйып ойнайды,
Сыңқ етіп бір күліп қойып тағы да.

Астағы аты ақ көбікке малшына,
Қаста тазы, оң қолында қаршыға;
Өзен бойлап келе жатыр жас жігіт,
Көзі қызда, қыз көзі де аңшыда.
2 рет

*Қайырмасы:*
Көк жиегі көз жеткісіз даланың,
Кең тынысы-ай, мен де кеңіп барамын.
Саумал көлдер,
Сары белдер,
Көк таулар
Қиялынан туды екен қай дананың?

Адыры да, жазығы да көк пүліш,
Гүлдері де, шөптері де хош иіс.
Табиғаттың ең жұпарын сыйлаған
Топырағыңнан айналайын қос уыс!
2 рет

*Қайырмасы:*
Сары белде ескен дана самалын,
Саумалындай жұтып-жұтып аламын...
Ел қорғаған, жер қорғаған бабаның
Тұлпарының ізіне де қарадым.

Ақ бұлттардың арасында ойнаған
Ақ сұңқардай –
Шарықтауын қоймаған, –
Ақ жаныммен арсалаңдап ән салам
Бар табиғат жасағандай тоймаған!
2 рет

*Қайырмасы:*
Басталғандай жастық дәурен жыл құсы,
Ұмытыппын басқа арманның күллісін.
Бар жаһанды айырбасқа алмаспын,
Сарыарқаның топырағына бір қысым!

# Сағыныш сазы

Сөзі Е. Ибраһимдікі

Асықпай, терең сезіммен




де, Шір- кін- ай, Са- ма- лың боп ке- тей- ін
1 2
3
бе?!
4
Әл- де бір ақ жаң- быр боп же-тей-ін бе,

## САҒЫНЫШ САЗЫ

Өзің боп нәзігім де,
Дөкейім де,
Көкшетау,
Сен жүресің көкейімде.
Сағынған осы қазір сәттерімде,
Шіркін-ай,
Самалың боп кетейін бе?!

Әлде бір ақ жаңбыр боп жетейін бе,
Әлде мен аңызақ боп кетейін бе.
Сағынған сені қазір сәттерімде,
Бұрқап бір бораның боп өтейін бе?!

Әлде бір шындап қиқу салайын ба,
Құстардай көктемдегі бал айында.
Сәкеннің айырылған аққуындай,
Төсіңде құлап жансыз қалайын ба?!

Балы боп сағыныштың тамайын ба,
Кеудемнің ақ бөкенін қамайын ба?
Жанымды жалын өртеп бара жатыр,
2 рет {Шіркін-ай, сол алау боп қалайын ба?..
{Шіркін-ай, сол алау боп қалайын ба?..

3 рет

Демеуші: “Қазсуқұрылыс-Астана” ЖШС,
директоры
**Анас Ағыбай Насырұлы**

*Музыкалық редакторы және өңдеушісі –*
***Владимир Шевченко***

000001581815

**Кенжебай Бекпаев**

*Әндер*

“Астана полиграфия” жабық акционерлік қоғамы,
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 1667